

## Жезқазған қаласындағы және оның маңындағы елді мекендердің жасыл желектерін күтіп ұстau және қорғau Қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 11/125 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қаңтарда N 8-2-77 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы N 6/50 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2012.05.24 N 6/50 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Берілген Жезқазған қаласындағы және оның маңындағы елді мекендердің жасыл желектерін күтіп ұстau және қорғau Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

*Н. Ярмак*

хатшысы

*Қалалық*

*Мәслихаттың*

*Қ. Әбдіров*

*Келісілді:*

*Тұрғын Үй*

*коммуналдық*

*шаруашылығы,*

*жолаушылар*

*көлігі мен автокөлік жолдары*

*бөлімі бастығының*

*Алмаз Әлімбекұлы*

*міндептін атқарушы*

*Жандарбеков*

23 желтоқсан 2008 жыл

Жезқазған

қалалық

Мәслихатының

2008

жылғы

23

желтоқсандағы

N 11/125 шешімімен бекітілген

# **Жезқазған қаласындағы және оның маңындағы елді мекендердің жасыл желектерін күтіп ұстau және қорғau**

## **Қағидасы**

Осы Қағида "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленді.

Ереже Жезқазған қаласындағы және оның маңындағы елді мекендердің жасыл желектерін күтіп ұстau және қорғau саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және меншік нысандарына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар

үшін

ка ж е т т і .

Жезқазған қаласындағы және оның маңындағы елді мекендердің жасыл желектерін күтіп ұстau және қорғau бойынша жұмыстарды ұйымдастырып үйлестіруді, қала әкімдігінің лауазымды тұлғалары, қоршаған ортаны қорғайтын уәкілетті органдары, көгалдандыру кәсіпорындарының жетекшілері жүзеге асырады.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жасыл желектер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мулік болып табылатын және елді мекеннің біртұтас жасыл желекті қорын құрайтын табиғи және жасанды жолмен өсірілген ағаш, бұта және шөп өсімдіктері;

2) жасыл желекті құрылыш – елді мекендерде және басқа объектілерде жасыл желектер алқаптарын құру, сақтау және ұлғайту. Көлемі едәуір үлкен участкерді көгалдандыру жобалық тапсырманың негізінде және оның негізінде жасалған дендрологиялық және техникалық жоба бойынша жүргізіледі;

3) жалпы жұрт пайдаланатын жасыл желектер – қалалар мен кенттер халқын рекреациялауга арналған жасыл желектер аумағы (қала ормандары, орман парктері, саябақтар, бақшалар, скверлер, бақжолдар);

4) шектеулі түрде пайдаланылатын жасыл желектер – тұрғын үйлердің, емдеу, балалар, оқу және ғылыми мекемелердің, өнеркәсіп орындарының, спорт кешендерінің көгалдандырылған аумағы;

5) арнайы мақсаттағы жасыл желектер – санитарлық - қорғаныштық, су қорғau, қорғаныштық - мелиорациялық, өртке қарсы аймактардың, зираттардың көгалдандырылған аумағы, жеміс бақтары, питомниктер, гүлзар шаруашылдықтары;

6) дендрологиялық жоспар – көгалдар мен гүлзарлардың, алаңқайлардың, жолдардың, су айдындарының, шағын сәулет нысандарының ашық

учаскелерімен ұштастыра отырып, есіп тұрған немесе жобаланып жатқан ағаш және бұта өсімдіктерінің орналасуы мен түр-түрі көрсетілген 1:500 және одан да ірі

м а с ш т а б ғ ы

с ы з б а ;

7) өтемдік көгалдандыру – жойылған немесе бүлінген жасыл жалектердің орнына оларады молықтыру;

8) жасыл жалектердің өтемдік құны – жасыл жалектерді күтіп ұстаяуға, сондай-ақ жасыл жалектердің құндылығына, орналасқан жеріне және сапалық жай-күйіне байланысты айқындалатын экологиялық нұксанды өтеуге жұмсалған шығындарды қоса алғанда, бүлінген немесе жойылған жағдайда жасыл жалектердің құндылығын есепке алу үшін белгіленетін олардың құндық бағасы;

9) көгалдандырылған аумақтар – табиғи және жасанды жолмен өсірілген жасыл жалектер (бақ парк кешендері мен объектілері, бақжолдар, скверлер, көгалдар мен гүлзарлар) орналасатын түрғын үй қоғамдық, іскерлік, коммуналдық, өндірістік мақсаттағы жер участеклері;

10) жасыл жалектерді қорғау – жасыл жалектерді сақтауға және молықтыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) қорғау куәлігі – есепке алынған объектінің паспорты негізінде жасыл жалектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган беретін, көгалдандырылған аумақтарды күтіп ұстая және қорғау жөніндегі қажеттіліктер жүктелетін, меншік иелеріне (жалгерлеріне) берелетін құжат;

12) жасыл жалектердің бүлінуі – ағаш-бұта өсімдіктерінің ұшарбасына, діңіне, бұтақтарына, олардың тамыр жүйесіне нұксан келтіру, шөп өсімдіктерінің өсуін тоқтатпаса да, олардың жердегі бөлігі мен тамыр жүйесіне зиян келтіру. Бұтақтардың, тамыр жүйесінің механикалық жолмен бүлінуі, қабығының тұтастығының бұзылуы, топырак үстіндегі жанды қабатының біртұтастығының зақымдануы, жасыл жалектердің немесе тамыр аймағындағы топырақтың зиянды заттармен ластануы, өртену және өзге де нұксан келу, бүліну болып табылады;

13) есепке алу ведомосы – жасыл жалектердің жай-күйінің жалпы сипаттамасын беретін ағаштар мен бұталардың саны туралы ведомосы;

14) жасыл жалектердің тізілімі – елді мекен аумағындағы жасыл жалектердің түрпаты, түр құрамы, мөлшері туралы деректер жиынтығы;

15) жасыл жалектерді жою – ағаштар, бұталар, гүлзарлар және көгалдар жойылып кететіндегі дәрежеде жасыл жалектерді бүлдіру;

16) есепке алынатын объект – белгіленген шекарасы бар және жауапты меншік иелеріне, мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға не жеке тұлғаларға, меншікке немесе жалға берілген жер участекесі;

17) жасыл жалектерді қорғау бойынша уәкілетті орган – жасыл жалектерді күтіп ұстая және қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін қала әкімдігінің шешімдерімен бекітілген орган.

## **2. Жасыл желеңтерді орнатудың, күтіп ұстаудың және қорғаудың негізгі принциптері**

2. Қала немесе оның маңындағы елді мекендердің аумағында орналасқан барлық жасыл желеңтер, кімнің қарауында екеніне қарамастан, елді мекеннің біртұтас жасыл желең қорын құрайды және қорғалуға жатады.

3. Жеке және заңды тұлғалар жасыл желеңтерді сақтау жөнінде шаралар қолдануға, жасыл желеңтердің бүлінуіне немесе жойылуына әкеп соғуы мүмкін заңсыз іс-әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол бермеуге қажетті.

4. Жасыл желеңтер орналасқан жер участеклерінің меншік иелері, жалгерлері олардың жай-күйіне бақылау жасап отыруға, жасыл желеңтердің қанағаттанарлық жай-күйі мен қалыпты өсіп-өнуін қамтамасыз етуі қажет. Арнайы агротехникалық іс-шаралар өткізуға байланысты жасыл желеңтер отырғызу және оларға күтім жасау жөніндегі жұмыстарды осы қызмет түрімен айналысу құқығын беретін сертификаттың негізінде мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

5. Жеке және заңды тұлғалардың жобалау, құрылыш және шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Қағида белгілеген жасыл желеңтерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады. Құрылыш, шаруашылық және өзге қызметті ұйымдастыруға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы топографиялық негізге салынған жасыл желеңтердің жай-күйі туралы толық және шынайы мәліметтерді қамтуы тиіс.

6. Белгіленген тәртіппен келісілген қаланы дамытудың бас жоспарымен салыну көзделген участеклерді қоспағанда, қала, кент аумағының шегінде орналасқан жасыл желеңті алқаптар (саябақтар, скверлер, тоғайлар, ағаш отырғызылған жерлер) құрылыш жүргізуға жатпайды.

7. Жалпы жұрт пайдаланатын жерлерде жасыл желеңтер құру белгіленген тәртіппен бекітілген қаланы көгалдандырудың бас жоспары мен ұзақ мерзімді кешенді сызбасына сәйкес сәulet және қала құрылышы органдарының оң қорытындысы, экологиялық сараптама негізінде жүргізіледі.

8. Жасыл желеңтер құру жұмысының барлық түрі белгіленген тәртіппен белгіленген дендрологиялық жобалар бойынша орындалады. Жасыл желеңті құрылыш жұмысын жүргізу кезінде жоба авторлары орындалып жатқан жұмыстардың сапасын және олардың белгіленген дендрологиялық жобага, жұмыс сызбаларына сәйкес келуін кадағалап отыруы қажет.

### **3. Азаматтардың және жасыл желеңтердің меншік иелерінің (жалгерлердің) құқықтары мен міндеттері**

#### **9 . А зам ат та р д а н :**

1) осы Қағиданың талаптарын сақтай отырып, өздерінің мәдени - сауықтыру және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бақтарда, парктерде, скверлерде емін-еркін жүріп-тұруға, серуендеуге, спортпен шұғылдануға және өзге де мақсаттарда болуға құқығы бар. Қала халқының арнайы мақсаттағы көгалданырылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген участкерлерін пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ішінara немесе толық шектеу қойылуы мүмкін;

2) қаланың және оның маңындағы елді мекеннің жасыл желеңті қорының жай-күйі, оны қорғау шаралары мен дамыту алғышарттары туралы шынайы ақпарат

**алуға ;**

3) жасыл желеңті құрылымы жобаларын талқылауға, сондай-ақ жасыл желеңті құрылыштың баламалы жобаларын әзірлеуге қатысуға;

4) іске асырылуы қаланың және оның маңындағы елді мекеннің жасыл желең қорына зиян келтіруі мүмкін жобалық құжаттамаға қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы бастамашылық жасауға;

5) қаланы және оның маңындағы елді мекеннің, ауланы көгалданыру, көгалданырылған аумақтарды санитарлық тазалау жөніндегі іс-шараларға қатысуга ;

6) лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен мекемелердің жасыл желеңтерді қорғау жөніндегі талаптарды бұзыуна байланысты әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) әкімшілік немесе сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

10. Жасыл желеңтерді күтіп ұстай жөніндегі міндеттемелер қабылдаған жеке және заңды тұлғалар, көгалданырылған аумақтардың меншік иелері мен жалгерлері :

1) жасыл желеңтердің сақталуын және оларға білікті күтім жасалуын қамтамасыз

**етеді ;**

2) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасыл желеңтердің өзгеруі (қазып әкетілгені, қайта жаңартылғаны, қайта отырғызылғаны, отырғызылғаны) туралы оған жыл сайын ақпарат жіберіп тұрады;

3) уәкілетті органның әдістемелік нұсқаулық ұсыныстарына сәйкес агротехникалық шаралардың бүкіл кешенін, оның ішінде көгалдарды, ағаштар мен бұталарды суаруды, арамшөптер, зиянкестер және ауру өсімдіктермен құресуді, көгалдарды тегістеп шауып отыруды жүйелі түрде жүргізіп тұрады;

4) қала құрлысы, экологиялық, санитарлық - гигиеналық нормаларға сәйкес әзірленіп бекітілген дендрологиялық жобалар бойынша бекітіп берілген аумақта

өз есебінен көгалдандыру және жасыл желектерді ағымды жөндеуден өткізу  
жұмыстарын жүргізді;

5) осы Қағидаға белгілеген тәртіппен рәсімделген жасыл желектерді қазып  
алуды (қайта отырғызууды) жүзеге асырыды;

6) уәкілетті органның жазбаша рұқсатымен ғана ағаштарды жасарту  
мақсатында кеседі, ағаш-бұта өсімдіктеріне олардың нобайын қалыптастыру  
және оларды санитарлық мақсатта кесу жұмыстарын жүргізеді;

7) қорғаныс аймағындағы тоқ өткізетін сымдар (1 метр радиуста), сондай-ақ  
көше көрсеткіштері мен үйлердің нөмір белгілерін жауып түрған бұталарды дер  
кезінде кесіп отырады. Бұталарды кесу электр сымдары желесінің иелерімен  
келісілген кесте бойынша және осы жұмыс түрін орындау жөніндегі  
технологиялық талаптарды сақтай отырып, олардың бақылауымен жүргізіледі.

8) аумаққа санитарлық тазарту жүргізеді, сынған ағаштар мен бұталарды  
тасып әкетеді.

11. Жасыл желектер орналасқан жер участеклерін сатып алу, сату, сыйфа тарту  
, жалға беру кезінде және жер заңнамасында көзделген жер айналымының басқа  
нысандарында жасыл желектерді қорғау және күтіп ұстау жөніндегі құқықтар  
мен міндеттер жаңа меншік иесіне, жалгерге көшеді.

12. Көгалдандырылған аумақтардың жер айналымын куәландыратын  
құжаттама, жасыл желектерді қорғайтын уәкілетті органдармен келісілуі тиіс.

13. Жасыл желектерді күтіп ұстауға берілген қорғау күелігі, ал жекелеген  
жағдайларда аумақты көркейту мен тазарту шарты жасыл желектер орналасқан  
жер участексіне құқық белгілейтін құжаттар рәсімделгенге (қайта рәсімделгенге)  
дейін жасалады.

#### 4. Уәкілетті органның өкілеттіктері

14. Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне:

1) жасыл желектер кадастрын жүргізу;

2) жасыл желектер құру, күтіп ұстау және қорғау жөніндегі іс-шаралардың  
орындалуын үйымдастыру және бақылау;

3) жасыл желектер орналасқан жер участеклерін пайдалануға рұқсат беру  
туралы (беруден бас тарту туралы) шешімдер қабылдау;

4) жасыл желектерді қазып әкетуге және қайта отырғызуға рұқсат беру;

5) жасыл желектерге келтірілген зиянның құнын белгіленген ставкалар  
немесе бекітілген әдістемелер бойынша бағалау;

6) жасыл желектерге келтірілген зиянды өтеу үшін төлемдер жасалуын

**б а қ ы л а у ;**

7) мамандандырылған ұйымдарға аттестация өткізу және оларға сертификат беру.

## **5. Жасыл желектерді есепке алу, қорғау және күтіп ұстау**

15. Қаладағы және елді мекендердегі жасыл желектердің санын, түр құрамын және жай-күйін анықтау мақсатында оларды есепке алу, есеп объектісінің шекарасында орналасқан жасыл желектерді түгендеу арқылы жүзеге асырылады.

16. Жасыл желектерді түгендеу және оларды тексерудің өзге түрлері белгіленген тәртіппен әдістемелік - нұсқаулық құжаттармен бекітілген есеп объектісі шекарасында орналасқан жасыл желектердің әрбір ағашын есепке алу әдістеріне **сәйкес жүргізіледі.**

17. **Жасыл желектерді есепке алу:**

1) қала және оның маңындағы елді мекеннің аумағындағы жасыл желектердің сандық және сапалық сипаттамалары туралы шынайы деректер алу;

2) жауапты меншік иелерінің көгалдандырылған аумақтарда жүзеге асыратын қызметінің, аумақтардың белгіленген функционалдық мақсатына сәйкестігін **а й қ ы н д а у ;**

3) қаланың және оның маңындағы елді мекеннің көгалдандырылған аумақтарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру үшін ақпараттық база құру **жүргізіледі.** мақсаттарында

18. Жасыл желектердің барлық түрі: ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлзарлар есепке алынуға жатады. Жасыл желектерді тізімдеу мамандандырылған мекемелермен **тендерлік негізде жүргізіледі.**

19. Бекітілген нысан бойынша (1-қосымша) толтырылатын есеп объектісінің паспорты жасыл желектерді есепке алу нәтижелерін көрсететін құжат болып **т а б ы л а д ы .**

20. Есеп объектісінің паспорты екі жылда 1 рет жоспарлы түрде жаңартылып **отырылуы тиіс.**

21. Жауапты меншік иесі (жалгер) өзіне тиесілі жер участкесіндегі жасыл желектерді есепке алушы ұйымдастырады және алынған деректерді есеп объектісінің паспортына енгізуіді қамтамасыз етеді.

22. Есеп объектісінің паспортын жауапты меншік иесі бекітеді және жасыл желекті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен, сондай-ақ тексеру жүргізген мамандандырылған ұйыммен және қала әкімі аппаратының өкілдерімен **к е л і с і л е д і .**

Есеп объектісі паспортының көшірмесі жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның Тізіліміне (2-қосымша) деректерді енгізу үшін беріледі.

23. Көгалдандырылған қала және оның маңындағы елді мекеннің аумақтарында орналасқан жасыл желектер Тізілімінің деректерін жаңартып отыру екі жылда 1 рет жүргізіледі.

24. Жасыл желектерді күтіп ұстай және қорғау жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстарды ұйымдастыру және орындау мыналарға:

1) бақтар, скверлер, бульварлар, жүргінші аллеялар – жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органға, мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындарға, сондай-ақ көгалдандырылған аумақтардың меншік иелері мен жалгерлеріне жүктеледі;

2) мәдениет және демалыс саябақтары, балалар саябақтары, мамандандырылған саябақтар – осы мекемелердің әкімшіліктеріне жүктеледі;

3) сауда, қызмет көрсету объектілерінің, банктердің, оғистердің, кәсіпорындардың, жеке меншік үйлердің және басқа да жеке иеліктердің маңының (кіре берісінің) ажырамас бөлігін құрайтын жалпы жұрт пайдаланатын жасыл желектер – осы жылжымайтын мүліктің меншік иелері мен жалгерлеріне жүктеледі;

4) санитарлық - қорғаныштық аймақтар санитарлық - қорғаныштық аймақтар шекарасында меншік иелері мен жер участкерлерін жер пайдаланушыларымен жүзеге асырылады;

5) орам ішіндегі жасыл желектер, үй ауласындағы екпелер жер пайдалану шекарасында – тұрғын үй қорының меншік иелеріне жүктеледі.

25. Арнайы агротехникалық іс-шаралар өткізуге байланысты жасыл желектерді жөндеу мен қайта жаңартуды қаланың жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органы берген тиісті сертификаты бар мамандандырылған көгалдандыру ұйымдары жүргізеді.

## 6. Жасыл желектерді құлату және қайта отырғызу

26. Жасыл желектерді құлатуға:

1) белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш объектілерін орналастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) инженерлік көркейту объектілеріне, жер үстіндегі коммуникацияларға қызмет көрсету;

3) апаттық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік көркейту объектілерінде жою;

4) санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау органының қортындылары бойынша тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар үшін нормативтерге сәйкес келетін жарық деңгейін қалпына келтіру;

5) жасыл желектердің сапалық және түр құрамын жақсарту қажет болған жағдайларда рұқсат берілуі мүмкін.

27. Жасыл желектерді құлатуға ағаш кесу билеттері (3, 4-қосымшалар) бойынша ғана, ал қайта отырғызуға уәкілетті орган беретін рұқсат бойынша жол беріледі (5 - қосымша).

Ағаш құлату, қайта отырғызу, ағаш кесу билеттерін және қайта отырғызуға рұқсат беру тәртібін жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

Жер участкесі (бау-бақша және саяжай участкелері, жеке тұрғын үй құрлысы) жеке немесе заңды тұлғаға меншікке берілгенен кейін онда шаруашылық қызметтің нәтижесінде немесе табиғи жолмен пайда болған ағаш бұта өсімдіктерін құлатуды, қайта отырғызуды, қайта жаңартуды олар рұқсат рәсімдемей өздерінің қалауы бойынша жүзеге асырады.

28. Мемориалдық, тарихи немесе бірегей эстетикалық құндылығы бар, белгіленген тәртіппен бекітілген; Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, сондай-ақ жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан ағаш және бұта өсімдіктерінің түрлерін құлатуға тиым салынады.

29. Ағаштар мен бұталарды құлатуды белгіленген тәртіппен рәсімделген рұқсат құжаттамасы (оның ішінде ағаш кесу билеті) болған жағдайда тиісті жұмыс түрлеріне сертификаты бар мамандандырылған үйим жүргізеді.

Рұқсат беру құжаттарын алдын ала рәсімдеп алмай жасыл желектерді құлатуға және қайта отырғызуға рұқсат етілмейді.

30. Қала құрлысы қызметін іске асыру кезінде жасыл желектерді құлату немесе қайта отырғызу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жобалау үйыми құрылышқа бастапқы рұқсат беру құжаттамасын әзірлеу кезінде белгіленген тәртіппен жасыл желектерді құлату қажеттігін көздейтін құрылыш жобасын әзірлейді;

2) жобалау үйиминың хаты мен құрылыш жобасының негізінде уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органымен бірлесіп, құрылыш жүргізу көзделіп отырған участкені тексеріп шығып, тексеру актісін жасайды, онда ағаштар мен бұталардың саны, олардың түр құрамы, жай-күйі, көгалдардың, шөп қабатының, гүлзарлардың бар-жоғы, оның ішінде құлайтындары көрсетіледі;

3) тексеру актісінің негізінде уәкілетті орган жобалау үйимина ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ құлатуға тиісті ағаштар мен бұталардың, гүлзарлар мен көгалдардың мөлшерін барынша ықтимал сақтап қалу мақсатымен осы участкеде құрылыш орналастырудың ерекше шарттарымен құрылыш жүргізу мүмкін екені туралы қорытынды береді;

4) берілген құжаттардың негізінде уәкілетті орган тапсырыс берушіге

кесілетін ағаштар мен бұталардың, әкетілетін гүлзарлар мен көгалдардың белгіленген ставкаларға немесе құнды бағалаудың бекітілген әдістемесіне сәйкес анықталатын мөлшерде өтемақылық құнын төлеуге шот жазып береді;

5) әкімдіктің бағдарламаларына сәйкес, ескі үйлерді құлату кезінде жасыл жалектерді құлатуға ағаш кесу билеттерін бергенде өтемақылық құн инженерлік коммуникациялардың күзет аймақтарында және жарық режимі аймағында орналасқан жасыл жалектерді құлату құны ескерілмей есептеледі.

31. Инженерлік коммуникацияларды құрделі немесе ағымды жөндеуден өткізу кезінде жасыл жалектерді құлатуды және (немесе) қайта отырғызууды келісіп алу мынандай тәртіппен жүргізіледі:

1) инженерлік коммуникацияларды құрделі немесе ағымды жөндеуден өткізу кезінде жасыл жалектерді құлату ағаш кесу билетінің негізінде жүргізіледі;

2) инженерлік коммуникациялардың күзет аймақтарында өсіп тұрған жасыл жалектерді кесу кезінде қолданыстағы құрылыш нормалары мен ережелеріне сәйкес айқындалатын өтемақылық құн алынбайды;

3) жөндеу жұмысы барысында бұлінген жасыл жалектер, көгалдар мен гүлзарларды қалпына келтіру тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

4) инженерлік коммуникациялардың күзет аймағынан тысқары жерлерде жұмыс жүргізу аймағында өсіп тұрған ағаштар мен бұталарды кесу кезінде өтемақылық құн толық қалпына келтіру құны мөлшерінде алынады;

32. Ағаштардың құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, үйлер мен құрылыштардың жай-қүйіне, көлік қозғалысына, коммуникациялардың жұмыс істеуіне қатер төндіретін төтенше және апаттық жағдайларда - көрсетілген жасыл жалектерді құлату алдын ала рұқсат рәсімдемей-ақ жүргізіледі:

1) құлату фактісі аумақ иесі, уәкілетті орган, апаттық және өзге төтенше жағдайды жою жөнінде жұмыс жүргізген үйым өкілдерінің, тиісті қала әкімі өкілінің құрамындағы комиссия белгіленген нысанда рәсімделген ағаш кесу орнын куәландыру актісімен расталады;

2) уәкілетті орган ағаш кесу билетін белгіленген тәртіппен рәсімделген құлату орнын куәландыру актісі болған жағдайда жұмыстар басталған сәттен бастап 72 сағат ішінде береді.

33. Үйлер мен құрылыштардан 5 метр жақын өсken, үйлерді тым қаранғылап жіберетін ағаштарды құлатуға рұқсатты санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау органдарының қортындылары негізінде азаматтардың және занды тұлғалардың өтініштері бойынша уәкілетті орган тегін береді.

34. Құрғақ, кеуіп бара жатқан және ауру ағаштар мен бұталардың қайда орналасқанына қарамастан оларды есепке алушы және таңбалауды, уәкілетті орган жүргізді.

Егер құрғақ ағаштар мен бұталарды тексеру кезінде ағаштардың өспей қалуы қартаюы мен аурулардан емес, жекелеген азаматтардың немесе лауазымды тұлғалардың кінәсінен болғаны анықталса, осы ағаштарды бағалау жас өсіп тұрған ағаштарды қалпына келтіру құнының ставкалары бойынша жүргізіледі, ал олардың қурап қалуына кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

35. Жасыл желектерді өсіру және күтіп ұстауға мамандандырылған ұйымдарға тиесілі аумақтарда жасыл желектерді құлату осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

36. Құрылыс жобасына және санақ ведомасына (6-қосымша) сәйкес құлатуға жататын барлық жасыл желектерді жұмыс жүргізуши қызыл бояумен, қайта отырғызылуға арналған желектерді – сары бояумен белгілейді.

37. Кесілген ағаш пен кесінді қалдықтарын құлату, көлденеңінен бөлу, тиесінде және әкету жұмыс басталған сәттен бастап бір тәулік ішінде жүргізіледі. Кесінді қалдықтарын құлату, көлденеңінен бөлу, тасымалдау жөніндегі барлық жұмыс осы жұмыс түріне арналған қауіпсіздік техникасының талаптарына толық сәйкес жүргізіледі.

38. Ағаш кесу аумағына жасыл көгал, гүлзар, жасыл желектер бүлінген жағдайда жұмыс жүргізуши оларды аумақ иесімен және уәкілетті органмен келісілген мерзімде, бірақ зақым келтірілген сәттен бастап жарты жылдан кешіктірмей қажетті түрде қалпына келтіреді.

39. Жасыл желектерді қайта отырғызу уәкілетті орган беретін рұқсаттың (5-қосымша) негізінде жүргізіледі.

40. Құрылыс жұмыстарына тапсырыс берушілер жасыл желектерді қайта отырғызуға рұқсат алу үшін жұмыс басталғанға дейін:

1) уәкілетті органға құрылыс, қайта құру және күрделі жөндеу аймағынан ағаштар мен бұталарды сәулет және қала құрлысы органымен таңдалған участекелерге қайта отырғызуға жобалау құжаттамасын тапсыруы;

2) уәкілетті орган конкурсстық негізде айқындаپ, сертификат беретін мамандандырылған ұйыммен ағаштар мен бұталарды қайта отырғызуға шарт жасасуы;

3) қайта отырғызылған жасыл желектерге (жапырақты тұқымдарға – 1 жыл, қылқан жапырақты тұқымдарға – 2 жыл бойы) күтім жасау жұмыстарын уәкілетті органға берілген кепілдеме хаты негізінде қаржыландыруды қамтамасыз етуі тиіс. Қайта отырғызылған жасыл желектерді кепілді күтім жасаудан кейін қабылдау жасыл желектердің тексеру актісінің (6-қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

4) Жобалау мекемелері ғимараттар мен инженерлік коммуникациялардан, үйлерді күрделі жөндеуден өткізу аймағынан, құлап тұрған үй-жайларды қайта салу қорынан, құрылыс аймағынан жасыл желектерді, көгалдандыруға жататын

жобалық объектілер құрылыштарына қайта отырғызып пайдаланудың жобалық-сметалық құжаттамасын жасауды қамтамасыз етеді.

5) Уәкілді орган ғимараттар мен инженерлік коммуникациялардың құжаттамасын, үйлерді құрделі жөндеуден өткізу аймағының, құлап тұрған үй-жайларды қайта салу қорының, құрылыш аймағына жататын аумақтың жасыл желектерінің санақ тізімін, көгалдандыру мен орналастыру аумағының, ағаш пен бұталарды отырғызуға бөлінген аумақтың, дендропланы бекітілгеннен кейін рұқсат қағазын береді.

## **7. Құлатылғаннан кейін жасыл желектерге келтірілген нұқсанның орнын толтыру және оларды қалпына келтіру**

41. Лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен занды тұлғалардың іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан көп жылдық жасыл желектердің жоғалуы (құлауы, жойылуы) ақшалай немесе заттай нысанда толық өтелуге жатады.

42. Өтемдік көгалдандыру мына талаптар ескеріле отырып жүргізіледі:

1) қалпына келтірілген жасыл желектердің саны құлатылғандар санынан кем болмауы тиіс және көгалдандырылған аймақтын аумағы қысқартылмауы тиіс.

2) қалпына келтірілетін жасыл желектердің түр құрамы мен нобайы сәулеттік, экологиялық және эстетикалық сипаттамалары бойынша жақсартылуға жатады;

3) қалпына келтіру әдетте ағаш құлатылған аумақ шегінде жүргізіліп, ағаштар тамыр топырағымен бірге отырғызылады;

43. Өтемдік көгалдандыру құлату мүддесі үшін жүргізілген азаматтар мен занды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Зансыз құлату, жою фактілері бойынша өтемақылық көгалдандыру кінәлі адамды анықтау мүмкін болмағанда, жасыл желектер табиғи жолмен қурап қалғанда қала бюджетінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жасыл желектер мүддесі үшін құлатылған азаматтар мен занды тұлғалар ақшалай түрде өтемақылық құнды жергілікті бюджетке аударады.

Мамандандырылған ұйыммен, көгалдандыру кәсіпорнымен жасалған шарт бойынша, уәкілді органмен келісе отырып жеке және занды тұлғалар өтемақы заттай түрінде жасалуы мүмкін.

44. Өтемдік көгалдандыру:

20 данадан астам ағаш-бұта өсімдіктері қалпына келтірілген кезде – бекітілген дендрологиялық жобаға сәйкес;

20 данадан кем ағаш-бұта өсімдіктері қалпына келтірілген кезде – уәкілді органмен келісілген сызбаға сәйкес жүзеге асырылады.

45. Құрылыш жұмыстары жүргізілген кезде құлатуға жататын жасыл желектер, құрылыш салушының қаражаты есебінен қалпына келтіріледі. Құрылыштың

бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес, құрылыш салушылар жүргізетін көгалдандыру өтемдік көгалдандыру жұмыстары ретінде есепке алынбайды.

## 8. Жасыл желеңтерді күтіп ұстау және қорғау саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік

46. Жасыл желеңтерді заңсыз зақымдау немесе жою үшін әкімшілік жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес айқындалады.

47. Жеке, лауазымды және занды тұлғалар осы Қағиданың баптарын бұзған жағдайда, қолданыстағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

48. Осы бапта көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды ішкі істер органдарының және қоршаған ортаны қорғау, орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды тұлғалары толтырады.

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді	мекендерінде	
жасыл	желеңтерді	кутіп	ұстау
және	қорғау		Қағидасына
1-қосымша			

Түгендеуді өткізетін ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Түгендеу нөмірі \_\_\_\_\_

## Есеп объектісінің ПАСПОРТЫ

Объектің атауы \_\_\_\_\_

Сыныптық коды \_\_\_\_\_

(жердің функционалдық мақсаты бойынша)

Әкімшілік-аумақтық қатысы \_\_\_\_\_  
(әкімшілік маңызының коды)

Жаупты иесі \_\_\_\_\_

Қорғау және пайдалану режимі, қала құрлысы қызметтің реттеу режимі \_\_\_\_\_

Келісілді:	Келісілді	Келісілді:
"Жезқазған қаласы	Жаупты	Үәкілетті
сәулет және қала	иесі	орган

" " 200 ж. " " 200 ж. " " 200 ж.

Есеп объектісінің паспортына қосымша:

Жағдайлық жоспар (есептік объектінің орналасуы)

Есеп объектісінің түгендеу жоспары (дендрожоспар) М1:500; М1:1000

Есеп объектісінің орман екпелерінің жоспары (түгендеу жоспары) М1:2000;

М 1 : 1 0 0 0 0

Жасыл желектердің әрбір ағашын есепке алу тізімі

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді		мекендерінде
жасыл	желектерді	кутіп	ұстая
және	корғау		Қағидасына
2-қосымша			

қаланың, елді мекеннің

жылғы 1 қаңтардағы жасыл желектерінің

## ТІЗЛІМІ

Жасыл желектер объектілерінің (учаскелерінің) көлемін жердің санатына, есімдіктер түрлеріне және функционалдық мақсатына қарай бөлу

Қала, елді мекен \_\_\_\_\_

Әкімшілік аудан: (коды) \_\_\_\_\_

Жауапты иесі: \_\_\_\_\_

## Жасыл желектердің тізілімі

p/c N түгендеу N объект паспорты	Жердің функционалдық мақсаты, жасыл желектер объектілерінің (учаскелерінің) мақсаттылық түрлерінің тобы, атауы	Сыныптық коды	Объектілердің (учаскелердің жасыл желектер көлемі га/ағаш., бұта).
A	B	V	1

### Кестенің жалғасы

Сабак түріндегі жасыл желектер

Ағаш есімдіктері, текше м. га/түп.				Бұта есімдіктері				
санаулы ағаштар	топтар, бөліктер	алқалтар, тоғайлар, бақтар га.	аллеялар, қатарлар	барлығы га/түп	жалғыз бұталар	жасыл желекті қоршau	қатарлап отырғызу	барл га/тү
2	3	4	5	6	7	8	9	10

## Кестенің жалғасы

Ашық кеңістіктер

Гүлзарлар, га				Көгалдар, га				
жылдық	көпжылдық	аралас	контейнерлік	барлығы	партерлік	кәдімгі	топыр ақ бетінің қабаты	барлығы
11	12	13	14	15	16	17	18	19

## Кестенің жалғасы

Саябак түріндегі өсімдіктер барлығы	Орман, табиги үлгідегі өсімдіктер		
	Табиги және аралас түрлі сүрекдің	Дақылдар	Табиги алаңқайлар, ағаш ала-өскен жерлер
20	21	22	23

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді	мекендерінде	
жасыл	желектерді	кутіп	ұстау
және	корғау		Қагидасына
З - қосымша			

200 жылғы " " N \_\_\_\_\_  
**Ағаш кесу билеті**

(мекен-жай) \_\_\_\_\_

Жұмыс түрі: \_\_\_\_\_

Үәкілетті органның \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ қорытындысының негізінде

Өтемдік құнын төлеу \_\_\_\_\_  
 (төлем тапсырымының нөмірі мен күні)

Өтемдік көгалдандыру мына мекен-жай бойынша: \_\_\_\_\_

Өтемдік көгалдандыру мерзімі: \_\_\_\_\_

Жобаға қоса берілген санақ тізімі мен дендрожоспарға сәйкес:

\_\_\_\_\_ түп ағашты,

\_\_\_\_\_ түп бұтаны кесуге,

\_\_\_\_\_ түп ағашты,

\_\_\_\_\_ түп бұтаны қайта отырғызуға,

\_\_\_\_\_ түп ағашты,

\_\_\_\_\_ түп бұтаны сақтауға рұқсат етіледі.

Мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт: \_\_\_\_\_

Жұмыстар \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның, аумақтық ҚОҚ басқармасының бөлімшесі)  
өкілінің қатысуымен жүргізілсін.

Жасыл желектерді құлату жұмыстары басталатын күн \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның, аумақтық ҚОҚ басқармасының бөлімшесі)  
тағайындалған мерзімнен бұрын 5 күннен кешіктірмей (\_\_\_\_\_ тел.)  
хабарлансын.

Ағаш кесу билетінің қолданылатын мерзімі \_\_\_\_\_

Уәкілетті орган басшысының орынбасары \_\_\_\_\_

ӨТЖ бастығы \_\_\_\_\_  
(қолы, күні)

М.о.

Ағаш кесу билетін алдым \_\_\_\_\_  
(лауазымы, ұйым, қолы, Т.А.Ж., телефоны)

Ағаш кесу билеті \_\_\_\_\_ жабылды.  
(қолы күні)

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді		мекендерінде
жасыл	желектерді	кутип	ұстау
және	корғау		Қағидасына
4-қосымша			

200 \_\_\_\_\_ жылғы " " N \_\_\_\_\_

Ағаш кесу билеті

(жасыл желектерді санитарлық және қайта жаңарту мақсатында кесу)

\_\_\_\_\_ (мекен-жайы, әкімшілік аудан, қала, ауыл,

жұмыс участкесінің мекен-жайы)

Жұмыс түрі: \_\_\_\_\_

Мынадай тапсырылған құжаттардың негізінде: \_\_\_\_\_

құжаттардың негізінде

Қоса берілген санақ тізіміне, жобаға және сыйбага сәйкес:  
\_\_\_\_\_ тұп ағашты,

тұп бұтаны кесуге,  
тұп ағашты,  
тұп бұтаны қалпына келтіруге рұқсат  
етіледі.

Кесу түрі \_\_\_\_\_ тұп ағаш,  
тұп бұта.

Мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт:\_\_\_\_\_

Жұмыстар\_\_\_\_\_

(үәкілдегі органның, аумақтық ҚОҚ басқармасының бөлімшесі)  
өкілінің қатысуымен жүргізілсін.

Жасыл желектерді құлату жұмыстары басталатын күн\_\_\_\_\_

(үәкілдегі органның, аумақтық ҚОҚ басқармасының бөлімшесі)  
тағайындалған мерзімнен бұрын 5 күннен кешіктірмей (\_\_\_\_\_ тел.)  
хабарлансын.

Ағаш кесу билетінің қолданылатын мерзімі\_\_\_\_\_

Үәкілдегі орган басшысының орынбасары\_\_\_\_\_

ӨТЖ бастығы\_\_\_\_\_  
(қолы, күні)

М.о.

Ағаш кесу билетін алдым\_\_\_\_\_  
(лауазымы, ұйым, қолы, Т.А.Ж., телефоны)

Ағаш кесу билеті\_\_\_\_\_ жабылды.  
(қолы күні)

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді		мекендерінде
жасыл	желектерді	кутип	ұстая
және	корғау		Қағидасына
5-қосымша			

**Жасыл желектерді құлатуға, қайта отырғызуға**

**N\_\_\_\_\_ РҰҚСАТ**

**200\_\_ жылғы "\_\_" дейін қолданылады.**

1. Кәсіпорынның атауы (СТН) (тапсырыс беруші)\_\_\_\_\_
2. Кәсіпорынның басшысы (Т.А.Ж) (тапсырыс беруші)\_\_\_\_\_
3. Сұрау салынып отырған участкениң мақсаты\_\_\_\_\_
4. Орналасқан жері \_\_\_\_\_

5. Іс-шараларды өткізудің негізі \_\_\_\_\_
6. Жер участекесінің меншік нысаны (N, күні) \_\_\_\_\_
7. Уәкілетті органның жасыл желектерді тексеру актісі (1-қосымша)
8. Ағаш-бұта екпелерінің нақты (сапалық, сандық) жай-күйі (2-қосымша)
9. Жасыл желек қорын өтемақылық мақсатта қалпына келтіру жөніндегі міндеттеме (кеңілдік хат) (3-қосымша).

### ҚОРЫТЫНДЫ

Уәкілетті орган (толық атауы) жасыл желекті тексеру актісіне сәйкес жасыл желектердің жай-күйін ескере отырып, жоғарыда аталған ағаштарды құлатуға келісімін береді, бұл орайда бірінші басшыға мынадай талаптарды орындау жүктеледі:

сәндік-бағалы жасыл желектерді жер асты мен әуедегі коммуникациларды қорғау нормалары мен ережелерді сақтай отырып отырғызу арқылы жасыл желектерді өтемақылық мақсатта қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар өткізу  
қ а ж е т ;

жасыл желектерді күтіп ұстau және қорғау жөніндегі іс-шаралардың толық кешені өткізу.

Қосымша: \_\_\_\_\_

Ескерту: \_\_\_\_\_

Уәкілетті органның

басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

Жезқазған	қаласындағы	және	оның
маңындағы	елді		мекендерінде
жасыл	желектерді	кутіп	ұстau
және	корғау		Қағидасына
6-қосымша			

200\_\_ жылғы " " N \_\_\_\_\_

Жасыл желектерді тексеру актісі

(мекен-жай: аудан, қала, елді мекен, участекенің мекен-жайы)

Біз, төменде қол қоюшылар, \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның лауазымды тұлғасы, лауазымы, Т.А.Ж.,

тапсырыс берушінің өкілі, ұйымы, лауазымы, Т.А.Ж)

(құлатуға, қайта жаңартуға, қайта отырғызуға, санитарлық жатқызылған жасыл желектерге тексеру жүргіздік. мақсатта кесуге)

Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды:

N	Жа сы л желектердің тұқымдық құрамы	Құлату		Қайта отырғызу		Сакталады		Сапалық (накты) жай-күйі	
		саны	дм.	саны	дм.	саны	дм.	жақсы	қанағат танарлық
1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									
8									
9									
10									

Осы акт \_\_\_\_\_ данада жасалды.

Ескерту: Тексеру актісі жасыл желектерді құлатуға немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Тапсырыс берушінің өкілі алды

(қолы, Т.А.Ж.)

У ә к і л е т т і

о р г а н н ы ң

Лауазымды тұлғасы

(қолы, Т.А.Ж..)